

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 799 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын
қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді
перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы
мақұлданын.

2. Осы Жарлық 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы " _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _

N _ _ _ _ _ Ж а р л ы ғ ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын
қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді
перспективаға арналған тұжырымдамасы**

1. Кіріспе

Бүгінгі таңда қазақстан экономикасының жай-күйі тұтастай алғанда елеулі дәрежеде табиғи ресурстар секторындағы ахуалмен анықталады. Республикалық бюджет түсімдерінің табиғи ресурстарға қазіргі елеулі тәуелділігі мемлекет алдына Қазақстанның болашағына байланысты бірқатар мәселелерді қояды. Біріншіден, бұл біздің табиғи байлықтарымызды олардың орны толмауына байланысты пайдалануды дұрыс жоспарлау мәселесі. Екіншіден, бұл мемлекеттік кірістер мен шығыстар көлемінің табиғи ресурстарға деген әлемдік бағаның күрт әрі алдын ала болжанбаған секіруіне тәуелділігін төмендету мәселесі.

Осы мәселелерді шешу үшін "Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен Ұ л т т ы қ қ о р қ ұ р ы л д ы .

Бюджет түсімдерінің елеулі бөлігі табиғи ресурстардың экспортынан түскен түсімдердің есебінен қалыптасатын қолайсыз конъюнктура жылдарындағы кірістер мен шығыстардың ауытқуын реттеуге арналған тұрақтандыру қорлары мен болашақ ұрпақ қорлары басқа да елдерде жұмыс істейді. Ұлттық қорды құру-кезінде осы шетелдік т ә ж і р и б е п а й д а л а н ы л д ы .

2000 жылдан бастап әлемдік қаржы рыногындағы қолайлы конъюнктураға байланысты Қазақстанда республикалық бюджетке табиғи ресурстарды өндіруге байланысты төлемдердің түсімі айтарлықтай артты. Сонымен қатар, көмірсутегін қазақстандық экспорттаушылардың экспорттық түсімдерінің арта түсіп отырған мөлшері теңгені айырбастау бағамына, сондай-ақ инфляцияға да қысымды күшейтеді. Бұл өз кезегінде отандық тауар өндірушілер өнімдерінің бағалық бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге әкеп соқтырады және отандық өндірушілердің қаржылық нәтижелеріне қолайсыз әсер етеді.

Қазіргі уақытта әлемде тұрақтандыру немесе жинақтау қорлары бар онға тарта ел бар. Мұндай қорлардың қаражаты конъюнктураның ауытқуы нәтижесінде болатын қолайсыз кезеңдерде немесе табиғи қазба толық сарқылғаннан кейін бюджет шығыстарын қолдауға, сыртқы борышты өтеуге және басқа мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін. Экспорттың шикізатқа мамандануы орын алған бірқатар мемлекеттердің тәжірибесі бюджеттері әлемдік конъюнктураның ықпалына түсіп қалуға бейім елдер үкіметтерінің тұрақтандыру және жинақтау мақсаттарына уақытша басы артық түсімдерді жинақтау үшін шикізатқа бағаның қымбаттаған кезеңін пайдаланып қалу мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

Мұндай қорларды құрудың жағымды жақтары: конъюнктураға тәуелді табиғи ресурстар секторынан республикалық бюджетке түсетін түсімдер мен республикалық бюджет шығыстары арасындағы өзара байланысты барынша азайту;

мемлекеттің қолайсыз конъюнктура кезеңдерінде қаржылық міндеттемелерін қолдау үшін жақсы конъюнктура кезеңдеріне қаражат жинақтау; болашақ ұрпақтың мұқтажын қамтамасыз ету үшін орны толмас табиғи ресурстарды сатудан түскен қаражатты жинақтау; валютаның басы артық ағылуынан туатын монетарлық өлшемдерге жасалатын шамадан тыс қысымды болдырмау үшін ақша массасын ақтау болып табылады.

2. Ұлттық қордың негізгі мақсаттары мен міндеттері

Республикалық бюджеттің әлемдік баға конъюнктурасына тәуелділігін төмендету - тұрақтандыру функциясы Ұлттық қордың негізгі мақсаттары болып табылады. Сол сияқты, Ұлттық қор болашақ ұрпаққа қор жинауды қалыптастыру арқылы жинақтау ф у н к ц и я с ы н д а а т қ а р а д ы .

Ұлттық қордың міндеттеріне экономикадан басы артық мұнай долларын шығару және теңге бағамына және инфляцияға қысымды тежеу арқылы макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жатады.

Жинақтау мен пайдалану транспарентті болуы тиіс, мұның өзі қойылған мақсаттарға қол жеткізу кезінде Ұлттық қордың ойдағыдай жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

3. Қазіргі жай-күйді талдау

Бүгінгі таңда Ұлттық қорға қор жинақтауды қалыптастырудың және оның активтерін басқарудың қолданыстағы тетігіндегі негізгі проблемалар мыналар болып т а б ы л а д ы :

шикізат секторы ұйымдарынан алынатын салық бойынша республикалық бюджетті жоспарлау кезінде бағаларды анықтау тетігі көп жағдайда нақты көріністі көрсетпейді. Болжамданған "базалық" баға (баррель үшін 19 АҚШ доллары) республикалық бюджетте қалдырылатын және Ұлттық қорға жіберілетін шикізат секторының салықтарын оңтайлы бөлінуін белгілей алмайды. Бұдан басқа, "базалық" бағаны ескере отырып есептелген республикалық бюджетке есептеулердің мөлшері сату көлемін ө з г е р т у г е ;

амортизациялық аударымдарға және салық салынатын пайдаға әсер ететін өзге де жағдайларға қарай өзгеруі мүмкін. Осыған байланысты республикалық бюджеттің мұнай түсімдерінің жыл сайынғы мәніне қатысты тұрақтылық жоқ;

Ұлттық қордың жинақталуын қалыптастырудың төзімді әдіснамасының болмауы.

Үкімет Ұлттық қорды қалыптастыратын шикізат секторы ұйымдарының тізбесін бекітті, ол кәсіпорындарды осы тізбеге енгізуге және одан шығаруға байланысты бірнеше рет өзгерістерге де ұшырады. Бұл факт Ұлттық қорға аударылатын түсімдер мөлшерін айқындаудың тұрақсыз екендігін айғақтайды. Бұл ретте, тізбе о баста да және

қазірде де мұнай секторының барлық кәсіпорындарын қамтымайды. Республикалық бюджетті жоспарлау және атқару кезінде салық кіріс бөлігіне кәсіпорындардың бірі бойынша базалық орта бағаға негізделіп отырып, тізбеге енгізілмеген басқа кәсіпорындар бойынша іс жүзінде қалыптасқан баға бойынша түседі.

Ұлттық қордың жұмыс істеудегі жоғарыда көрсетілген проблемаларын шешу қажеттілігін ескере отырып, жиналымдарын қалыптастырудың одан әрі оңтайлы жолын және оның активтерін басқарудың тиімді әдістерін айқындау қажет етіледі.

4. Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және оны пайдалану қағидаттары

1. Ұлттық қор қаражатын жинақтау

Әлемдік тәжірибені талдау жиналымдар үшін қандай да бір белгіленген шек болмайтынын көрсетті және көптеген елдер біршама жинақтарға қол жеткізіп отырып, жинақтау саясатын жалғастыруда. Мәселен, Норвегияда Қор активтерінің деңгейі елдің ЖІӨ-нің жартысынан асады, ал Аляскада - штаттың бүкіл ЖІӨ-сін, Кувейтте ЖІӨ-нің үш жарым бөлігін, Оманда - ЖІӨ-нің бестен бір бөлігін құрайды. Қазақстанда 3 жыл ішінде Ұлттық қорда ЖІӨ-нің шамамен 12%-ы жинақталды.

Ұлттық қорда жоғары конъюнктура тудыратын қосымша түсімдер шоғырланғандықтан, Ұлттық Қордың ең үлкен мөлшері шектелмейді. Оның үстіне Ұлттық қордың жинақтаушы қызметін атқару үшін төмендетілмейтін қалдық оның мөлшері халықтың жан басына есептелген, заңнамалық актілермен анықталатын белгілі бір шамадан төмен емес осындай деңгейде белгіленеді. Бұл ретте осы шама Ұлттық қорда қаражаттың жинақталуына қарай арту жағына түзетілетін болады.

Сол сияқты Ұлттық қордың қалыптасуы көлемі жағынан біржолғы (республикалық меншіктегі және кен өндіру мен ұқсату салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сату) не тұрақты емес (мұнай секторының түсімдері) түсімдермен сипатталатын түсімдер көзі есебінен жүзеге асырылуы тиіс, олар едәуір аралықта ауытқуы және Қазақстанның бюджет саясатына елеулі ықпал жасауы мүмкін.

Осылайша, Ұлттық қорды қалыптастырудың негізгі көздері мыналар болып табылады деп болжанады:

мұнай секторынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оған корпорациялық табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық, роялтилер, бонустар, өнімді бөлу жөніндегі үлес, экспортталатын мұнайға салынатын ренталық салық жатады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мұнай секторы төлейтін басқа да салық түрлері тиісті бюджеттерге есептелуге жатады. Шикі мұнай мен газ конденсатын өндірумен және/немесе сатумен айналысатын мұнай секторына барлық заңды ұйымдар жатады;

республикалық меншіктегі және кен өндіру мен өңдеу салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер есебінен анықталатын ресми трансферттер;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер есебінен белгіленетін ресми трансферттер;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен к і р і с т е р .

Көрсетілген ресми трансферттер және өзге де түсімдер Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру көздері ретінде тек жинақтаушы функцияны қамтамасыз ету үшін ғана п а й д а л а н ы л у ы т и і с .

Ұлттық қор жинағын қалыптастыру үлгісі республикалық бюджет пен Ұлттық қор арасында мұнай түсімдерін бөлудің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз етуі қажет. Сондай-ақ қолайсыз әлемдік конъюнктура кезінде мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін мұнай секторының түсім көлеміне қарамастан тұрақты деңгейде ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстарды ұстап тұрудың маңызы зор. Бұл ретте, макроэкономикалық деңгейде ішкі бағаның өсуін тоқтату және теңге бағамын ұстауға арналған Ұлттық қордың тұрақтандырушы функциясы неғұрлым тиімді жүзеге асырылуы тиіс.

2. Ұлттық қор үшін қорландыруды қалыптастырудың оңтайлы үлгісін таңдау Ұлттық қор алдында қойылған міндеттерді тиімді іске асыру мақсатында әлемдік тәжірибенің негізгі жағымды сәттерін қамтитын теңгерімделген бюджет әдісі әзірленді.

Осы әдіске сәйкес, 4-бөлімнің 1-кіші бөлімінде көрсетілген түсімдер толығымен Ұ л т т ы қ қ о р ғ а жіберілетін болады.

Мұнай секторының кірістерін есепке алмағанда республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы айырмашылық ретінде анықталатын мұнай емес тапшылық фискальдық саясат басымдылығынан шығып белгіленуі керек. Бұл жағдайда мұнай емес тапшылық ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға мұнай секторының түсімдері есебінен шығыстар қаншалықты өсіп жатқандығын анықтауға мүмкіндік беретінімен ма ң ы з д ы б о л ы п о т ы р .

Техникалық тапшылық - бұл республикалық бюджеттің мұнай емес сектордан түсетін кірістері мен ағымдағы бюджеттік бағдарламаларына арналған шығыстардың а р а с ы н д а ғ ы а й ы р м а ш ы л ы қ .

Бұл ретте кепілдік берілген трансферт тек болашақ ұрпақ пайдаланатын жобаларды инвестициялауды көздейтін дамудың бюджеттік бағдарламаларына арналған шығыстарды қаржыландыруға бағытталуы керек. Осылайша, ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстар экономиканың мұнай емес бөлігінен республикалық бюджетке аударымдар және капиталдық ішкі рыногындағы қарыз алу есебінен қаржыландырылады, ал дамудың бюджеттік бағдарламаларын қаржыландыру

- Ұлттық қордың кепілдік берілген трансферт және ішінара сыртқы қарыз алу есебінен.

Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферт (G_0) тұрақты сома қосылған өткен кезеңге Ұлттық қордың активтер бөлігі ретінде анықталады, бұл ретте берілген трансферт көлемі екі құрауышқа - республикалық бюджетке трансферттің кепілдік берілген ең төмен деңгейін қамтамасыз ететін А Константасына және белгілі кезеңдегі инвестициялық кірістің орташа деңгейіне сәйкес келетін b коэффициентіне тәуелді. А Константасы мұнай түсімдерінің қай бөлігін жинау, ал қай бөлігін республикалық бюджетке жіберу керектігін анықтайды. b коэффициенті активтерді басқарудан орташа инвестициялық кірісті пайдалану идеологиясын көрсетеді. Коэффициенттер үш жылдық кезеңге бекітілуі және берілген кезең ішінде өзгерістерге ұшырамауы тиіс.

Ұлттық қордан трансферттің республикалық бюджетке мөлшері бөлек алынған кезеңде Ұлттық қор активтерінің осы кезең басындағы шамасына, яғни алдыңғы жылдардағы жиналым мөлшеріне байланысты. Бұл ретте осы кезеңде Ұлттық қорға түскен түсімдер республикалық бюджетке жіберілетін сомаға әсер етпейді.

Ұлттық қордың сарқылуынан жол бермеу мақсатында кепілдік берілген трансферт мөлшері Қордың активтер бөлігінің үштен бір бөлігінен аспауы керек. Бұл ретте егер бұл Ұлттық қор активтері төмендетілмейтін қалдықтан төмен түсуіне әкелсе, онда трансферттің нақты мөлшері Ұлттық қор активтері көлемі мен төмендетілмеген қалдықтар арасындағы айырмашылыққа тең болады.

Бұл Ұлттық қордан алу қарқынын төмендетуге, сондай-ақ ұзақ қолайсыз конъюнктура жағдайында бір уақытта жеткілікті деңгейде бюджеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ете отырып, төмендетілмейтін қалдықты сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Перспективада Қазақстан Республикасының Үкіметі сыртқы қарыз алуды тарту туралы шешімді қабылдау кезінде Ұлттық қорда бар қаражатты есепке ала отырып, экономикалық орындылықты және сыртқы қарыз алу құнын негізге алатын болады.

Бұл ретте МБҚ жетімді көлемін ұстап тұру мақсатында ішкі мемлекеттік қарыз алу жалғасатын болады, себебі бұл қор рыногына маңызды әсерін тигізеді (капитал құнының базалық салыстырмалы көрсеткіштерін белгілеу, мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногын және туынды құралдарды дамыту).

Кепілдік берілген трансферт шегінде мұнай түсімдерін пайдалану салмақталған салық саясатын жүргізуге мүмкіндік береді, себебі бірліктерді төмендетуден таза бюджет нәтижесі көрінетін болады, бұл өз ретінде мұнай секторы кәсіпорындарының кірістен тыс есебінен бұрмаланған.

Кепілдік берілген трансферт формуламен шектелгендіктен және тек дамудың бюджеттік бағдарламаларына арналған шығыстарды қаржыландыратындықтан, республикалық бюджеттің ағымдағы бюджеттік бағдарламаларына шығыстарды көбейту экономиканың мұнай емес бөлігі түсімдерінің баламалы өсуінсіз мүмкін емес.

Осылайша экономиканың мұнай емес секторын дамытуға ынталандыру пайда болады.

Трансферт формуласы айқын және оңай есептелінеді. Алайда, А абсолюттік көрсеткішінің жоғары мағынасы Ұлттық қор қаражатын шамадан тыс жұмсауға төмен мағына - үлкен құбылмалылыққа әкеп соқтырады.

3. Ұлттық қор активтерін пайдалану

Ұқсас қорлар қаражатын пайдаланудың әртүрлі бағыттары бар - республикалық бюджетке түсетін тұрақтандыру трансферттері, сыртқы борыштарды өтеу, инвестициялық кірістің бөлігін халық арасында бөлу, экологиялық бағдарламаларды қаржыландыру және тағы басқалар.

Сол сияқты балама ретінде халық арасында мұнай ақшасын "бөлудің" мүмкіндігі қаралды. Алайда кейбір себептерге байланысты осы көзқарас қолайсыз.

Біріншіден, елге мұнай долларының артық түсімі ақша массасының ұлғаюын әкеледі, ол инфляцияның өсуіне түрткі болады және ұлттық валютаның нығаюына әкеп соғады. Ол отандық өндірушілерді бәсекеге қабілетсіз етеді және бағасы арзандаған импорт өніміне сұранысты қайта бағдарлауға әкеп соғады. Бұл ретте, егер сатылатын секторда өспелі сұраным (тұтыну тауарлары, жабдық) импортпен қанағаттандырылатын болса, онда экономиканың ішінде өндірілетін сатылмайтын сектордың тауарлары мен қызметтері (тұрғын үй, коммуналдық қызметтер, денсаулық сақтау) әкеліне алмайды, ол бағаның күрт өсуіне әкеп соқтырады.

Екіншіден, мұнайдың бағасы күрт төмендеген жағдайда, мемлекет ақша қаражатының тапшылығына шыдай береді және әлеуметтік міндеттемелер бойынша тиісті деңгейде төлеуге шамасы келмейді. Ұлттық қордың болуы Қазақстанның фискальдық тұрақтылығына ықпал етеді және Ұлттық қорда қаражатты жинақтау ұрпақтар арасында табиғи байлықты тең бөлу идеологиясына сәйкес келеді.

Осыған байланысты Ұлттық қордың қаражаты кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз етуге және басқаруға және аудитке байланысты шығыстарды қаржыландыруға жіберілетін болады. Бұл ретте Ұлттық қордан мұнай емес сектордың түсімдерін төмендетудің салдарынан ағымдағы бюджеттік бағдарламалар өсіп отырған тапшылығын қаржыландыру үшін қосымша қаражат алынуы тиіс емес.

5. Ұлттық қор активтерін басқару

Ұлттық қор активтерін сенімді басқаруды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Ұлттық қорды басқару кезінде инвестициялық операциялардың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

Ұлттық қор активтерінің сақталуы;

Ұлттық қор активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстау;
тәуекелдің бейтарап деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтері

кірістілігінің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтері кірістілігінің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуын көздейді.

Жоғарыда санамаланған мақсаттарды орындау үшін Ұлттық қор активтері тұрақтандыру және жинақтау қоржындарына бөлінеді. Тұрақтандыру қоржыны Ұлттық қор активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстау үшін қажет. Жинақтау қоржынының негізгі нысаналы мақсаты тәуекелдің шекті деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтері кірістілігінің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Өз кезегінде жинақтау қоржыны тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қосалқы қоржыны - 75% және акциялар қосалқы қоржыны - 25% болып бөлінеді.

Тұрақтандыру қоржыны ағымдағы жылға бекітілген кепілдік берілген трансферт сомасының шеңберінде анықталуы тиіс.

Ұлттық қор үшін "индекстік басқару" қағидаты пайдаланылады. Индекстік басқару, сондай-ақ "дәстүрлі" деп аталатын эталондық қоржынға сәйкес келетін үйлесімде әртүрлі қаржылық құралдар қоржынын қалыптастыруда жасалады. Осы эталон индекс деп аталады. Басқару нәтижелері (кірістілік) мен инвестициялық қатер маңызды шараға байланысты, сондай-ақ эталондық қоржынға, немесе индекске қатысты бағаланады. Эталондық қоржын - инвестордың мүддесімен анықталатын бағалы қағаздар жиынтығы. Эталондық қоржынның кірістілігі активтерді басқарудың кірістілігін бағалау кезіндегі өлшем ретінде қызмет етеді. Эталондық қоржыны ретінде әлемдік жетекші қаржы компаниялары әзірлеген және зерттеген индекстер пайдаланылады.

Ұлттық қор активтері айрықша шетелдік валютада номинацияланған шетелдік қаржылық құралдарда инвестицияланады және шетелдік валютада номинацияланған бағалы қағаздардан тұратын эталондық қоржындары болады.

Тұрақтандыру қоржыны үшін эталондық қоржын алты айға дейін өтеу мерзімімен АҚШ қазынашылық вексельдерінен тұратын Merrill Lynch компаниясы жасайтын индекс болып табылады. Өтегенге дейінгі қысқа мерзім тұрақтылық қоржыны кірістілігінің жоғары өтімділігі мен төмен ауытқуын қамтамасыз етеді. Тұрақтандыру қоржыны жоғары кредит рейтингімен елдердің ақша рыногының жоғары өтімді сенімді активтеріне инвестицияланады.

Ұзақ мерзімді перспективада әртараптандыру және ең жоғары кірістілік алу мақсатында жинақтаушы қоржын әлемнің дамыған елдерінде айналысатын борыштық ретінде де және үлестік қаржылық құралдар ретінде де инвестицияланады.

Жинақтаушы қоржынның тіркелген кірісімен бағалы қағаздардың субқоржыны үшін эталонды қоржын Citigroup Inc компаниясы жасаған индекс болып табылады, онда қазіргі уақытта эмитенттері 19 ел болып табылатын тіркелген кірісі бар мемлекеттік бағалы қағаздарды қамтиды: Австралия, Австрия, Бельгия, Канада, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Греция, Ирландия, Италия, Жапония, Нидерланды, Португалия, Испания, Швеция, Швейцария, Ұлыбритания, АҚШ.

Жинақтаушы портфельдің тіркелген кірісімен бағалы қағаздар субқоржыны эталондық қоржынға енетін елдерде айналатын мемлекеттік бағалы қағаздарда инвестицияланады, сондай-ақ мемлекеттік, агенттік, корпоративтік бағалы қағаздардан, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздарын қоспағанда активтерге кепілге берілген бағалы қағаздарды және жылжымайтын мүлікке кепілге берілген бағалы қағаздардан тұратын Lehman Global Aggregate (LGA) құрамына - Lehman Brothers компаниясының индексіне енетін барлық валюталарда және инвестициялық сыныптағы құралдарда инвестицияланады.

Облигациялардың (тіркелген кірісі бар бағалы қағаздардың) эталонды қоржыны Ұлттық қор мөлшерінде ауытқуларды төмендету үшін АҚШ долларына АҚШ долларынан өзгеше валюта бағамдарының қысқа мерзімді ауытқуларынан ішінара сақтандырылады (хеджирленеді).

Акциялардың субқоржыны үшін Morgan Stanley Capital International компаниясы жасайтын энергетикалық сектордың компанияларын қоспағанда, әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын индекс эталонды қоржын болып табылады. Ағымдағы сәтте индекс 23 елді қамтиды: Австралия, Австрия, Бельгия, Канада, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Греция, Гонконг, Ирландия, Италия, Жапония, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, Сингапур, Испания, Швеция, Швейцария, Ұлыбритания, АҚШ.

Жинақтау қоржыны акциялары субқоржыны активтері эталондық қоржынға енгізілген қарапайым және артықшылықты акцияларға ғана инвестициялануы мүмкін.

6. Қорытынды

Осы Тұжырымдамада көзделген шараларды іске асыру Ұлттық қордың - жұмыс істеуінің және жинақтарын қалыптастырудың оңтайлы үлгісін таңдаудың негіздерін, инвестициялық стратегияны өзгертуді қозғайды және заңнамаға өзгерістер енгізуді т а л а п е т е д і .

Осы мақсатта Ұлттық қор қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобалары дайындалатын болады.

Тұтастай алғанда Тұжырымдамадағы көзделген шараларды іске асыру республикалық бюджеттің тұрақтылығын одан әрі қолдауға, экономиканы әртараптандыруға және ұрпақтар арасында мұнай кірістерін қайта бөлуге ықпал ететін болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ қ о р ы н ы ң қ а р а ж а т ы н
қ а л ы п т а с т ы р у д ы ң ж әне
п а й д а л а н у д ы ң о р т а м е р з і м д і

перспективаға арналған
тұжырымдамасына қосымша

Теңдестірілген бюджеттің формалдандырылған әдісі

Теңдестірілген бюджет әдісін мынадай түрде беруге болады:

$$E - G_{no} + G_o + L + Z$$

E - республикалық бюджет шығыстары;

G_{no} - мұнай емес сектордан түскен кірістер;

G_o - Қордан алынатын кепілдік берілген трансферт;

L - үкіметтік ішкі қарыз алу (техникалық тапшылықты өтеуге бағытталған және ЖІӨ-нің кемінде 1,5 - 2%-ын құрауы тиіс);

Z - үкіметтік сыртқы қарыз алу.

Мұнай емес тапшылық (D_{no}) экономиканың мұнай емес секторынан алынатын кірістерді есепке алмағанда республикалық бюджет кірістері мен шығыстары арасындағы айырмаға тең:

$$G_{no} = E - G_{no} = G_o + L + Z,$$

мұнда мұнай емес тапшылықты қаржыландыру кепілдік берілген трансферт және мемлекеттік қарыз алу есебінен жүзеге асырылады.

Техникалық тапшылық мөлшері бір жылдың ішінде бюджеттің қолма-қол қозғалысы мәселелерін шешу қажеттілігінің, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды қайта қаржыландырудың және шығарудың нәтижесінде анықталады.

Қордан алынатын кепілдік берілген трансферт (G_o) өткен кезең үшін Ұлттық қор активтерінен алынатын тұрақты сома қосу соманың бөлігі ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$G_o = A + b * NFRK_{t-1} * e,$$

м ұ н д а

G_o - Қордан алынатын кепілдік берілген трансферт (теңгемен анықталады),

A - тұрақты сома (заңмен бекітіледі және теңгемен белгіленеді),

b - белгілі кезең үшін инвестициялық кірістің орта деңгейіне сәйкес келетін коэффициент (заңмен бекітіледі),

$NFRK_{t-1}$ - қаржы жылының басындағы Ұлттық қор активтері (Қордың базалық валютасында).

e - Қордың базалық валютасына қатысты теңге бағамы.

М ы с а л ы ,

$$G_o = 329,9 \text{ млрд. теңге} + 5,21\% * 780,5 \text{ млрд. теңге} = 370,6 \text{ млрд. теңге.}$$

$A = 329,9$ млрд. теңге, $b = 5,21 \%$ кезінде және 2007 жылдың басындағы Ұлттық қордың болжамды көлемі $NFRK_{t-1} = 780,5$ млрд. теңге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК